


САЯСИ ҚУҒЫН - СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ТОЛЫҚ АҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОБАЛЫҚ ОФИС БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ.

Кездесу барысында Жобалық офис жетекшісі С.Қасымовқа Жамбыл облысы бойынша атқарылған жұмыстармен қатар жерлеу қорымдарының картасы көрсетілді.



СЕМИНАР - САБАҚ

Ұлттық архив қорын толықтыру бөлімі бекітілген жоспарға сәйкес, облыстық архивтің жинақтау көзіндегі мәдениет, білім, сот, денсаулық салаларының мекемелеріне 24.11.2023 ж. «Ұлттық архив қорының және басқа да архивтік құжаттарды ведомстволық және жеке архивтердің қабылдау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидалары», «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидалары» тақырыптарында семинар-сабақ өткізді.



САЯСИ ҚҰРБАНДАРЫН ЖӨНІНДЕ ОТЫРЫС

ҚУҒЫН - СҮРГІН ТОЛЫҚ АҚТАУ

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі кіші жұмысшы топ өкілдерінің жиыны өткізді.





“Құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету және мемлекеттік есебін жүргізу”

Жамбыл облысы мемлекеттік архиві ҰАҚ құжаттарын мемлекеттік сақтауға қабылдай отырып, мемлекеттік есепке алуды жүзеге асырады.

Осы мақсатта “Құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету және мемлекеттік есебін жүргізу” бөлімінің архивистері жұмыс жүргізудің барлық кезеңдерінде құжаттардың толықтылық, анықтық және сабақтастық қағидаттары негізінде жұмыс атқаруда.

<https://www.zhambyl-archive.kz/wp-content/uploads/2023/11/whatsapp-video-2023-11-10-at-17.12.39.mp4>

АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ДАЯРЛЫҚ

Жамбыл облысының төтенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғау саласы бойынша бірқатар мекеме қызметкерлеріне оқу сабақтарын өткізді.

Мекеме қызметкері Қ.Борашев аталған семинарға қатысып, сертификат алды.



«Архив - 2025» семинар - сабақ

тақырыбында

Архив қызметкерлерінің біліктілігін жетілдіру мен өзара тәжірбие алмасу мақсатында Архив құжаттарын жариялау бөлімінің

қызметкерлері «Архив-2025» тақырыбында семинар-сабақ өткізді. Семинар-сабақта жобаны жүзеге асыру барысында отандық және шетелдік ірі архивтермен өзара жүйелі жүргізген жұмыстары, іздеу-зерттеу мен архив деректерінен дайындалған жинақтар, зерттеушілер мен қалың жұртшылыққа қолжетімді ету, белсенді түрде цифрлық форматқа көшірілуі жөнінде айтылды.



ӘДІСТЕМЕЛІК КӨМЕК

«Автоматтандырылған архивтік технологиялар, ақпараттық желі мен деректер қорын құру» бөлімінің басшысы Арслан Қыстаубай Сарысу ауданының мемлекеттік архивіне іс-сапарға барды. Аудандық архивте Microbox Book2Net Kiosk планеталық сканерінен өткізіп жатқан .jprg форматындағы соңғы істеліп жатқан өлшем

бірліктерінің сапасын, ережеге сәйкестігін тексеріп, қосымша жасалатын профилактикаларын көрсетіп, есеп тапсыратын формаларды айғақтап, хаттамаларды, техникалық қателер туралы актілерді қалай жасалатынын түсіндірді. Интернет және IP VPN желілерінің жылдамдықтарын тексерді. Жүйелік блокқа және Windows-дың өзіне жасалатын профилактика мен процедураларды көрсетті. Сонымен қатар, оргтехникаларды және арнайы сканерлерді тексеріп, жасалатын профилактикалық жұмыстарын көрсете кетті.

